

АНАЛАР МЕН АРУЛАР МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



№19-20
(2190-2191)
Бейсенбі
7 наурыз
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

МҰРАТЖА - ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты аналар!

Аяулы арулар!
Көктемнің шуағымен бірге келген жылулық пен ізгіліктің мерекесі – 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халықаралық әйелдер күні – баршамыз үшін ерекше ыстық мереке. Себебі, бұл ең алдымен біздің аналарымыздың мерекесі.

Өйткені, адамзат баласы үшін анадан ардақты, анадан асқақ, анадан қымбат ешкім жоқ. «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» деп халқымыз аналарды ардақтап келген. Құшағы күннің шуағындай жылы, асыл аналарымыз – көңілдің нұры болса, ару қыздарымыз – өмірдің гүлі.

Бүгінде әйелдердің қоғамдағы алатын орны мен рөлі өте жоғары. Әйелдер әрқашанда еліміздің мәдениеті мен өркениетіне, білім беру мен денсаулық сақтау, ғылым саласына, сондай-ақ өнеркәсіп пен кәсіпкерлікті дамытуға



зор үлес қосып келеді. Қазалы өңірінің нәзік жандылары да мемлекеттік қызмет пен бизнес, білім мен мәдениетте ерекше қабілетімен танылуда.

Ең бастысы, аяулы аналар қасиетті жерімізге тіршілік дәнін сеуіп, ұрпағымызды, ұлтымызды тәрбиелеп отыр.

Қымбатты аналар, қыз-келіншектер, қарындастар!

Көктемнің тамаша мерекесімен Сіздерді шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін.

Ізгі ниетпен,

Қазалы ауданының әкімі

М.Шермағамбет

ТЕМІРЖОЛ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Теміржол – ел экономикасының өзегі, мемлекетіміздің қуатты жүйесі. Бір ғасырдан астам тарихы бар Қазалы теміржол мекемелерінің бүгінгі тынысы жыл санап жақсарып келеді.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағамбет теміржол мекемелерінің басшыларымен кездесті.

Басқосуда аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков аудан басшысына теміржол мекемелерінің басшыларын таныстырды.

Өз кезегінде аудан басшысы «Теміржол торабы – ел экономикасы мен өнеркәсібінің күре тамыры» екенін айтып, теміржолшылардың қазынаны толтырудағы еңбектерін атап өтті.

– Аудан көлемінде теміржол саласында 15-тен аса мекеме-кәсіпорындар жұмыс істейді. Өңдеу өнеркәсібінің басым бөлігі осы теміржол мекемелерінің еншісінде. Теміржол саласының қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс істеудің арқасында оң нәтижелерге қол жеткізілді, – деген аудан басшысы жыл соңына дейін өңдеу өнеркәсібі бойынша көрсеткіштерімізді төмен түсірмей, өз дәрежесінде сақтап қалуда бірлесе жұмыс істеу қажеттігін жеткізді.

Кездесуде Қазалы вагон пайдалану депосының директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Арғын Орынбаев сөз сөйлеп, теміржол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу және теміржол мекемелерінің басым көпшілігі орналасқан Я.Михайлик көшесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсынысын жеткізді.

Мекеме басшыларының ұсынысын тыңдаған Мейрамбек Шермағамбет алдағы уақытта вокзал ғимаратын қайта жаңғырту мен Я.Михайлик көшесіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге тиісті жұмыстар атқарылып жатқандығын айтты.

Сонымен қатар мекеме басшыларына тоғыз жолдың торабында орналасқан, әр тараптан келген жолаушыларды тоғыстыратын шаһардың бас қақпасы мен барлық теміржол аумағындағы тазалық мәселесін қолға алуды тапсырды.



● 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі!

ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағамбет Қазалы қаласына барып, Қазалы аграрлы-техникалық колледжі, М.Горький атындағы №16, Ғ.Мұратбаев атындағы №17, Қ.Нұрмаханов атындағы №95 мектептер мен «Ақерке» балабақшасының және «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығының жұмысымен танысты.

Білім беру мекемелерінің жай-күйін көрген аудан әкімі кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріп, ең әуелі тазалық мәселесіне аса назар аудару керектігін ескертті.

Сонымен қатар аудан басшысы қалалық Мәдениет үйі, «Шипагер» дәрігерлік амбулаториясы, №18 Қазалы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі мен Ғанибай үйі, Қазалы конфет цехы, Қарасақал Ермбет атындағы орталық саябақ, жеке спорт кешені, Ардагерлер алаңы мен Жастар үйі ғимараттарын аралады.

Қазалы қаласындағы республикалық санаттағы архитектуралық ескерткіштердің бірі – Ғанибай үйі. Халық арасында «Керуен сарайы» аталып кеткен бұл ғимаратқа реставрация жұмыстары жүргізіліп, қайта қалпына келтірілген болатын.

Аудан әкімі тарихы маңызы зор мұндай ғимаратты бос қалдырмай пайдалану жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мейрамбек Зинабдинұлы қала әкіміне ең бірінші әрбір мекеме мен нысандардың және қала аумағындағы тазалық жұмыстарын шұғыл қолға алып, қураған ағаштарды кесіп, орнына қайта көшеттер отырғызу, істен шыққан жарықшамдарды қалпына келтіру, ағаш түптерін әктеу, қоршаулар мен орындықтарды, жол белгілерін сырлау сынды қаланы көркейту бағытындағы жұмыстарды орындауды тапсырды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ЗАМИРА МЕРЕКЕГЕ МЕРЕЙЛІ КЕЛДІ

«Рза» акционерлік қоғамы аудан ғана емес, облыс, республикаға кеңінен танымал еңбек ұжымы. Ынтымағы мен татулығы жарасқан, мамандықтарын шеберлікпен меңгерген, жауапкершілік жүгін айқын сезінген «рзалықтар» жарыс көшінде әрдайым топ бастап, аудан абыройын асқақтата түсуде.

«Рза» акционерлік қоғамына қарасты «Рза-Сүт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін Замира Әуесбаева басқарады. Замира Лепесқызы жетекшілік ететін серіктестік Еуропаның озық технологиялық құрал-жабдықтарымен жабдықталған. Зауыт тәулігіне 30 тонна сүт өңдейді. Өткен жылы ұжым 7676 тонна пастерленген және ультра пастерленген сүт, айран, қаймақ, ірімшік, йогурт, құрт, май, брынза өнімдерін өндіріп, аудан экономикасын дамытуға, халықтың әлеуметтік жағдайын арттыруға үлес қосты. Және де ерекше атап айтарлық жағдай ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, облыс бойынша өңделген сүттің 95 пайызына дейін қол жеткізуге атсалысқан. Бұл серіктестікте еңбек ететін әрбір маманның өз ісін жетік білетіні, іске аса жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады.

Айта кетейік «РЗА-Сүт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Замира Әуесбаева өткен жылдың қортындысымен өнім өңдеу саласындағы елеулі еңбегі үшін «Үздік ауыл шаруашылығы қызметкері» бағамын иеленді.

Топтан озып дара шыққан Замира Әуесбаева басқаратын ұжым 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне лайықты



еңбек тартуымен келіп отыр.
«Тұран-ақпарат»

КІТАПҚА ҚҰШТАРЛЫҒЫМДЫ АРТТЫРҒАН ҰСТАЗ



Арал ауданының «Қызылжар» елді мекенінде ауылдық кітапхана бар. Ол кітапхана мен үшін балалық шақтағы үлкен естеліктермен есте қалған болатын. Оның меңгерушісі менің кітапқа құштарлығымды арттырып, қызыға оқуыма септігін тигізген ұстазым Мөлдір Айымбетова.

Ол 1965 жылы маусым айының 1-ші жұлдызында Арал ауданы, Райым ауылдық

округінде дүниеге келген. Үлгілі ұстаз Мөлдір Айымбетова 1992 жылдан бері «Қызылжар» ауылдық кітапханасында кітапханашы болып қызмет атқарып келеді. Оқырман көңіліне жол таба білген, ұжымына сыйлы жан өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында республикалық, облыстық, аудандық жоғары орындардан «Алғыс хаттармен» марапатта-

лып, «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісін иеленді. Аяулы жан қазіргі таңда жолдасымен бірге 4 бала тәрбиелеп, өсіріп отырған ардақты ана. Сізді көктемнің шуақты күндерімен қатар келген 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Еңбегіңіз елене берсін!

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР АЛҒЫС АЙТУ КҮНІН АТАП ӨТТІ

Қазалыда 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған мерекелік шара өтті.

Салтанатты шарада аудан өнерпаздары түрлі сала өкілдеріне алғыс білдіріп, ризашылық көңілдерін ән-би арқылы жеткізді.

Шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, қазалылықтарды көктем мезгілінің алғашқы күніндегі айтулы мерекемен құттықтады.

Ауданымыздың әлеуметтік экономикалық даму

көрсеткіші жыл сайын жоғарылап келеді. Түрлі әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар өл игілігіне пайдалануға берілуде. Жолдардың күйі жақсарып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін біршама түйінді түйіткілді мәселелер шешімін тауып келеді. Әрине, теңдесі жоқ киелі өлкенің дәл осылай өркендеп өсуі барша Қазалы жұртшылығының алғаусыз пейілі мен адал еңбегінің нәтижесі деп есептеймін. Осы сәтті пайдалана отырып,

барша аудан халқына оның ішінде қасиетті өлкенің дамуы жолында әрбір салада қалтқысыз қызмет етіп жүрген жандарға шынайы алғыс айтамын, – деді аудан басшысы. Мұнан соң мерекеге орай қоғамға еңбегі сіңген бірқатар еңбек адамдары аудан әкімінің «Алғыс хатымен» және арнайы сыйлықтарымен марапатталып, құрметке бөленді.

Мерекелік шара елдегі ынтымақ пен бірлікті дәріптейтін концерттік бағдарламаға ұласты.



ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудандағы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мәселелер бойынша мәжіліс өтті.

Мәжіліске ауданға жұмыс сапарымен арнайы келген Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабәев қатысып, сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайлы әңгімеледі.

Басқосуда аудан басшысы халықтың әлеуметтік көмекпен қамтылуы, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі екендігін айтып, аталмыш сала бойынша көрсеткіштердің орындалу барысына тоқталды.

Мейрамбек Зинабдинұлы жиын барасында бірқатар ауылдық округтердің «Алғашқы жұмыс орны» жобасы, жастарға берілетін 2,5 пайыздық несие, түрлі жобалар үшін мемлекет тарапынан берілетін грант мүмкіндіктерін пайдаланбай, белгіленген көрсеткіштерді мүлде орындамаған округ әкімдеріне қатаң ескерту берді. Сонымен қатар аудандық «Мансап» орталығының директоры Болатбек Баймахановқа кент, қала және ауыл әкімдерімен бірлесіп, жастардың өз



кәсіптерін бастау үшін 2,5 пайызбен жеңілдетілген шағын несие туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Жиын соңында аудан әкімі 2024 жылға арналған индикаторларының бекітілген жоспарын өз деңгейінде орындап, мемлекет тарапынан берілген қолдауды тиімді пайдаланып, тұрғындарды, әсіресе, жастарды жұмыспен қамту мәселесін басты назарда ұстау қажеттігін ескертті.

Айта кетейік, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабәев ауданға жұмыс сапары барысында Мейрамбек Зинабдинұлымен бірге аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен аудандық «Мансап» орталығының жұмысымен танысты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚОРҒАЛУДА

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларына сәйкес өкілеттілігі шеңберінде «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет көрсету тәртібін бұзу, мерзімін бұзу, толық құжатсыз қызмет көрсету фактілері бойынша қашықтықтан мониторинг жүргізілуде.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету - мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының құрамдас бөліктерінің бірі. Адам дүниеге келгеннен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тығыз байланыста болады. Туу туралы куәлікті алудан бастап азаматтың қайтыс болуы туралы анықтамасын беруде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болып табылады.

Бүгінгі таңда, қызмет алушылардың уақытын үнемдеу, әкімшілік кедергілерді, қағазбастылықты жою мақсатында электронды көрсетілетін қызметтердің үлес салмағы артауда.

Осы ретте, Мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі мерзімінде көрсету және оларды көрсету нәтижесімен қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы - мемлекеттік аппараттың тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып қала бермек. Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуы алдағы уақытта да Департаменттің жіті бақылауында болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымды қалыптастыру кезінде шағымданатын мемлекеттік органның атауын және шағымданатын мәселені толық ашып жазу қажеттілігін есіңізге саламыз.

Шағымда көрсетілген мән-жайлар расталатын болса Департамент тарапынан қызмет алушының құқықтарын қалпына келтіру бойынша тиісті шаралар қабылданады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі рұқсат беру құжаттары болып табылса, қызмет берушіге тиісті Әкімшілік айыппұл салынатын болады.

Департаментпен шағымды қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.

Құрметті Қызылорда облысының тұрғындары, Департаменттің басты бағыттарының бірі - мемлекеттік қызмет көрсету сапасына реттеу, осыған орай мемлекеттік қызмет алу барысында кедергілермен кездесетін болсаңыз Департаментке хабарласуларыңызды сұраймыз!

Динара ТЛЕПБАЕВА,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
бас маманы

БАЙЫРҒЫ ТЕМІРЖОЛШЫ ӘЗІМЖАН ӘЛІПБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ



Әзімжан Әліпбайұлы 1941 жылы ақпан айының 27 жұлдызында қасиетті Қазалы топырағында дүниеге келген. 1969 жылы Ташкент теміржол институтын бітіргеннен бергі бар ғұмырын Қазалы вагон депосының өсіп – өркендеуіне арнады. Аса қырағылық пен тиянақтылықты, көп ізденісті қажет ететін, қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін теміржолшы мамандығының қыры мен сырын меңгеру жолында аянбай тер төкті.

Әзімжан Әліпбайұлы теміржол саласындағы көп жылғы еңбегі үшін «Құрметті теміржолшы» белгісін иеленіп, «Еңбек ардагері», «Қазақстан теміржолына -100 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды. Сондай-ақ ол «Біртұтас Қазақ теміржолына -50 жыл» төс белгісін кеудесіне тақты.

Әйтеке би кентінде Әзімжан Әліпбаев атындағы көше бар. Абзал аға, Қазалы вагон депосына 25 жыл басшы болған Әзімжан Әліпбаев туралы «Теміржолдың сардары» атты кітап жарық көрді. Қазіргі уақытта ардақты азамат Әзімжан Әліпбайұлының сара жолын бала-

лары жалғастырып келеді.

Жақында бар ғұмырын теміржол саласына арнаған азамат Әзімжан Әліпбайұлын еске алуға арналған іс-шаралар өтті. Алдымен Әзімжан Әліпбаев көшесінде ас беріліп, Құран бағышталды. Сонымен қатар, көше тұрғындары бір реттік азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

Аудандық спорт кешенінде 2011-2012 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында грек-рим күресінен Әзімжан Әліпбаев атындағы турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Әзімжан Әліпбаевты еске алу үшін бір минуттық үнсіздік жарияланып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалды.

Айта кетейік, жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен келген 12 команда бақ сынасты.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

КӨКТЕМ – ЖАҢАРУ МЕЗГІЛІ

Көктем мезгілі күн мен түннің теңеліп, барлық жаратылыс жаңарып, гүлденетін кезеңі. Қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесі бойынша жыл басы Көктемде, яғни, 22 наурызда табиғаттың жандануынан бастау алады. Көктемде күн ұзарып, мал төлдеп, жер бетіне көк шығып, жеміс ағаштары бүр жарып гүлдейді. Ежелде ата-бабаларымыз көктемнің белгісін көкек құсы деп санаған. Көкек шақырса көктем келді деп есептеген. көктемнің алғашқы шуағы ұзаққа созылған қылышын сүйреткен қаһарлы қыстың өткенін, енді саршұнақ аяздар мен көз аштырмайтын боранды күндердің артта қалып, жаңару кезеңінің уақыты келгендей күйге енгізеді. Бар тіршілік иесі оянып, жаңадан тіршілік бастағандай керемет әсер қалдырады.

Құстар өлкелеріне оралып, әндетіп шаттанады. Жыл мезгілдерінің қай-қайсысын да бөліп-жаруға болмайды. Дей тұрғанмен, Көктем мезгілі таңғажайып күйге бөлейтін шақ. Көктемнің алғашқы күнінен бастап керемет мерекелер басталады. Қыстан аман-есен шыққан адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, амандық -саулық сұрасады. Төс қағыстырып амандасады. Шынында көктем көп күттіріп келетін мезгіл. Жаңбырлы күз бен аязды қыстың қаһарынан қажыған жұрт көктемді асыға күтетіні анық.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

МАЙДАНГЕРДІ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет көктемнің алғашқы күнімен қатар келетін айтулы мереке – Алғыс айту күніне орай соғыс ардагері Тобаберген Тілеубергеннің шаңырағына барып, ғасыр жасаған майдангерді мерекемен құттықтады.

Аудан басшысы бүгінгі ұрпаққа бейбіт өмір сыйлаған қарт майдангердің иығына шапан жауып, елдің атынан шынайы алғысын

жеткізді.

Соғыс ардагері де мереке қарсаңында құрмет көрсетіп, жылы лебізін жеткізген аудан басшысына ақ батасын берді.

Тобаберген Тілеубергенұлы Ұлы Отан соғысында Белоруссия, Польша, Чехословакия, мемлекеттерін, Кенигсберг, Берлин қалаларын жаудан азат етуге қатысқан көзі тірі, ғасыр жасаған қазалылық майдангердің бірі.

ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕН БАСТАЛУЫ ТИІС

Көктем шығысымен ауданымызда екі айлық санитарлық тазалық жұмыстары басталатыны белгілі. Бұл уақытта тұрғындар айналаны құл-қоқыстан тазартып, тал егу жұмыстарын бастайды.

Көктемгі тазалық жұмыстарына байланысты аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен мәжіліс өтті. Мәжіліске Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласында орналасқан барлық мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Тазалықтың адам өміріндегі маңыздылығына тоқталған Мейрамбек Зинабдинұлы аудан тұрғындары мен мекемелер мен кәсіпорындары ұжымдарын елдік іске белсене араласып, көркейту-көгалдандыру шараларына бірікпесідей атсалысуға шақырды.

– Ауданда наурыз және мамыр айлары аралығы көктемгі санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандырудың екі айлығы болып жарияланды. Осыған орай, Әйтеке би кенті 7 аймаққа бөлініп, аудандық мәслихаттың төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы әр аймаққа жауапты болып бекітілді.

Әйтеке би кенті – ауданымыздың айнасы, оның айналасын үнемі таза ұстап отыру – осы отырған баршамызға ортақ іс.

Тазалық – әркімнің өз ауласынан,

табалдырығынан басталады. Сондықтан әрбір тұрғын өз ауласын таза ұстауға, көркейтуге үлес қосуы керек. Біз көшелерді қанша сәндеп, жөндегенмен, көше бойындағы қоқыстар мен үйлердің қоршауы жөнделіп, сырланбаса мұның бәрі бекер екені белгілі, – деген аудан басшысы барлық мекеме-кәсіпорындары мен кәсіпкерлік нысандардың иелері сенбі күнін күтіп отырмай, тазалық жұмыстарын жүргізулері қажет екенін жеткізді.

Мұнан соң кент әкімі Мұрат Әбсұлтанов Әйтеке би кентіндегі тазалық жұмыстары бойынша атқарылған және алда жоспарланған жұмыстар жөнінде айтып берді.

Басқосуда аудан әкімі аудандық полиция бөлімі, білім, денсаулық сақтау, аудандық қоғамдық даму бөлімі, Жастар ресурстық орталығы, аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі мен кент әкіміне күн тәртібіндегі мәселеге байланысты тиісті жұмыстар атқаруды тапсырды.

– «Абырой барлығымызға да ортақ. Сондықтан белгіленген аймақтарға ұжым болып ауызбіршілікпен шығып, тазалық жұмыстарын жүргізсек, бұл біздің перзенттік парызымыз. Біз қашанда үлкеніміз қайда жүрсе, сонда бағыт алған ұрпақпыз. Өздеріңіз бас болып, барлық жұмысты бірге істеуге атсалыссаңыздар», – деген Мейрамбек Зинабдинұлы мәжілісті қортындылады.

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІН АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кентіндегі бірқатар нысандардың жұмысымен танысып, кент көшелерін аралады.

Алдымен «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалына барып, жылу беру жұмысының барысын көрді.

«Қазалы-Теміржолжылу» филиалы директоры Еркін Алпысбаев аудан басшысын жылу беру орталығының жұмысымен таныстырды.

Аудан әкімі мекеме басшысына тұтынушыларға жылу беруді үздіксіз қамтамасыз етіп, аудан орталығындағы тұрғын үйлерде ақаулар орын алған жағдайда шұғыл қалпына келтіру

жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар, аудан басшысы «Арал-Сарбұлақ топтық су құбырларын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесіне барып, мекеме жұмысымен танысты. Бөлімше басшысы Дәулетбек Тұяқбаевқа тұрғындарды ауыз сумен уақытылы қамтамасыз ету мақсатында үздіксіз жұмыс істеп, тұтынушылар ауыз суды қалыпты жағдайда пайдалануы керектігін ескертті.

Мұнан кейін Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кентіндегі көмір қоймаларындағы қатты отынның қорын көріп, кенттің баыт аумағы мен Қ.Ерімбет, Қ.Пірімов, Бегім ана көшелерін

аралады.

Жауапты сала басшыларымен аудан орталығындағы Жанқожа батыр көшесіне жүргізілетін жол жөндеу жұмыстарының жобасын талқылады.

Аудан басшысы кент әкіміне көше бойындағы істен шыққан жарықшамдарды қайта қалпына келтіру, ретсіз өскен шөптерді шабу, ағаш түптерін балақтау, қоршаулар мен бағаналарды, жол белгілерін сырлау және аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысына аудан орталығындағы кәсіпкерлік нысандардың алдында тазалық жұмыстарын жүргізіп, ретке келтіру жөнінде кәсіпкерлерге ескерту беруді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ӘДЕПТІ ҚЫЗ – ӨНЕГЕЛІ КЕЛІН

«Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасымен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар өміршең.

Тарихымызда қазақ қыздары мен қазақ әйелі туралы толғанбағандар кемде кем шығар. Олардың өмір жолын келер ұрпаққа жеткізу арқылы біз ұрпағымызды тәрбиелейміз. «Қыз – өріс, ұл - қоныс» деп білгендіктен қазакем өрісін кеңейтпеген қыз балаға айрықша көңіл бөлген. Ата - ана қызынан еш нәрсені аямайды. Оның еш нәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазақ халқы қызды бетімен де жібермейді.

8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күні қарсаңында кешегі әдепті қыз, бүгінгі өнегелі келін туралы жазғым келді.

Қазалы қаласында Ильясовтар әулетін білмейтін жан жоқ шығар. Әулеттің бәйтерегі

Әлменбет аға Ильясов «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақ ССР еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» атағының иегері болса, Набираш ана отбасында бала тәрбиесімен айналысқан ана. 6 ұл, 4 қыз өсірген батыр ана. Осындай есіп – өнген әулеттен шыққан Қуандық ағай мен Сара апайдың кенже қызы Аяжан Қуандыққызы ұжымға үлгілі әріптес, шәкірттерге сүйікті ұстаз, отбасында адал жар, ардақты ана.

Ильясова Аяжан Қуандыққызы 1989 жылы 18 ақпанда Қазалы қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. «Өрімтал» балабақшасында тәрбиеленген. 2004 жылы Қалжан Нұрмаханов атындағы орта мектебінде негізгі білім алып, Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік мектепте оқуын жалғастырады. 2007 жылы аталған оқу орнын «Электрон-ды есептеуіш және есептеу машиналарының операторы» мамандығы бойынша үздік ди-

пломмен, 2009 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет колледжін «Экономикадағы ақпараттық жүйелер маманы» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіреді. Осы жылы күзде өзі алғашқы мамандығын алып шыққан алтын ұясында алғашқы еңбек жолын бастайды. Еңбектен қол үзбей жүріп, 2012 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Информатика» мамандығы бойынша тәмамдайды. Ұстаздық қызметпен айналысып, шәкірттерге сапалы да саналы тәрбие берген ұстаз өзінің бақытын да осы ұжымнан тапты. Ұжымдағы Қағаз апаның ұлы Бауыржанмен бас қосып, бұл күнде 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отанасы. Қазіргі таңда Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде «Педагог-сарапшы» санатындағы арнайы пән оқытушысы.

Шәрбану ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ, Қазалы қаласы

● 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі!

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ САМИҒА



Бүгінгідей жаһандану заманында сапалы білім алу, сауатты болу – өмірдің ең басты талабы. Білімді терең меңгеру, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру ең жақсы амалдардың абзалы.

Қаншалықты жақсы тәрбие алсада сапалы біліммен санасы сусындамаса, оған енжар, селқос қараса жас ұрпақтың мұратына толық жете алуы мүмкін емес.

Жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге, оларды әдептілікке, көркем мінезділікке, имандылыққа тәрбиелеуде жалықпай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымы баршылық. Солардың бірі де бірегейі №266 мектеп-лицейдегі 3 «ж» сыныбының жетекшісі Сүлейменова Самига Тәліпқызы. Ол 1975 жылы Тасбөгет кентінде әкесі (суретші) Тәліп пен дәріхана қызметкері анасы Сәрсенкүлдің отбасында дүниеге келген. 1990 жылы Тасбөгеттегі №11 мектептің 8-ші сыныбын бітірген. 1990-1994 жылдары Қызылордадағы М.Мәметова атындағы педагогикалық колледждің музыка пәнінің мұғалімі мамандығын қызыл дипломмен тамамдаған. 1994-1998 жылдары Қорқыт Ата атындағы университеттің музыка бөлімінде оқыған. 2011-2013 жылдары «Болашақ» университетінің бастауыш сыныптарға арналған бөлімінен сырттай оқып білім алған.

1998 жылдың қыркүйек айынан бастап Жанқожа батыр атындағы №70 мектепте музыка пәнінен сабақ беріп еңбек жолын бастаған. 2011 жылдан бері №266 мектеп-лицейде музыка пәні мұғалімі. 2013 жылдан бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет істейді. Қазіргі уақытта осы мектеп-лицейдің 3 «ж» сыныбының жетекшісі. Сыныбындағы 21 оқушының екінші ата-анасы. Шәкірттерінің көпшілігі мектеп ішілік, аудандық сайыстарға, үйірмелерге қатысып, марапаттарға ие болып жүр. Оқушылары: Уәли Әбілмансұр, Шаббибай Раяна, Жеткерген Нұрай, Беганыш Шәмшідін республикалық интеллектуалдық «Ақбота» 2020-2023, «Кенгуру-2022», «Мыңбала-2022», «Ақылды бала-2020», «Білген бәйгесі» пәндік олимпиадаларының жүлдегерлері болып үлгірген. «Мұқағали оқулары», «Абай оқулары», Р.Бағланованың 100 жылдығына арналған «Қазағымның бұлбұлы» республикалық байқауларда шәкірттерінің жүлделі орындардан көрінгенін Самига ұстаз тізбелеп айтып берді.

Самиганың жас ұрпақтың жарқын болашағы мен бақыты үшін тыным таппай еңбек етіп жүрген мейірімді жан екенін ісінен де байқауға болады. Менің немерем Шәмшідін Самиганың сыныбында оқытындықтан жиналыстары мен тәрбие сағаттарына келінім Әлия мен балам Жасұланның қатысып тұруларын бақылап отырамын.

Мұғалім қызымыздың барлық әрекеттері көркем

мінезділікпен әдептілікке, сауаттылыққа негізделген.

Әрдайым тазалық, пәктік, рухани байлық, салт-дәстүр, білімдар болудың ерекше маңыздылықтарына арналған кештер мен тәрбие сағаттарын өткізуге ерекше көңіл бөледі екен.

Оның тақырып таңдаудағы ой-өрісінің кендігі жан-жақты білімдарлығын көрсетеді.

Бастауыш сыныпқа сабақ беруде оңай шаруа емес. Ерекшелігі мен қиыншылығын үйдегі балаға немесе немереңе әріпттерді үйретуге қаншама тәсіл керек екендігінен ақ білуге болады.

Оған мектеп тәртібі, тазалық, ереже, жүріп тұрудың әдебі, тағы басқаларын ұғындыру мұғалім еншісінде екенін қосыңыз.

Самига көрші-қолаң және ағайын-туыс, ұжымдастарымен сыйластығы мол өнегелі отбасы екенінде сұрастырып білудің де сәті түсті.

Тәлімгер ұстаз өзінің білімін әрдайым жетілдіріп, дамытып отыратындығын да байқадық. Ол 2011 жылы облыстық семинарда ашық сабақ өткізіп, 2013 жылы наурыз шапағаты өнер фестивалында және 2016 жылғы аудандық «Педагогикалық оқулар» байқауында жүлделерге ие болуы адал еңбегінің жемісі. 2017 жылы қоғамдық жұмыстарға қатысудағы белсенділігі үшін білім бөлімі кәсіподағының Алғыс хатымен, 2018 жылы аудандық тәжірибе алаңында «Жаңартылған білім беру мазмұнын, өзгеріс, тәжірибе нәтиже» атты ғылыми-практикалық конференцияда Алғыс хатпен марапатталған.

2021 жылы Республикалық «Эрудит» интеллектуалдық сайтының «Үздік сабақ жоспары» номинациясы бойынша І-дәрежелі дипломы, 2023 жылғы облыстық «Сабақты тиімді жоспарлау» байқауында 1-ші орынды иемденді. Өзінің мамандығын өз дәрежесінде меңгерген санасы білім нұрымен нұрланған ұстаздың адал еңбегінің дұрыс бағаланғаны деп түсінуге болады.

1997 жылы Бақытжан Ешмағамбетовпен отау құрған ұстаздың Әділжан, Аружан, Досжан, Ақжан есімді перзенттерімен Әсел есімді келіндері мен Әли есімді сүйкімді немерелері бар. Күйеуі Бақытжан қазақтелекомда кабель дәнекерлеуші екен.

Самига өнегелі де тәжірибелі ұстаз Баймаханова Гүлсайран, Жалбырова Гүлнар, Иманбаева Бақытқұлден көп нәрсе үйренген және оларды мектебіміздің мақтаншы әрі ақылшы ұстаз санайды.

Самигаға қарияағаларының бірі ретінде ұстаздық ұлы қызметінің жемісін ұзағынан көре бер – деген көңілмен тілектестігімді білдіремін.

Ұлағатты ұстаз Самига Сүлейменов өзінің төл мерекесін лайықты қарсы алып отыр.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІ: КІМ ҚАТЫСА АЛАДЫ?

1 наурызда Өңірлік кадр резервіне іріктеу басталады.

Іріктеуге жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар 35 жастан аспаған Қазақстан азаматтары қатыса алады.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар өңірлік резервке іріктеуге қатыса алмайды.

Өңірлік резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды өңірлік кадр комиссиялары өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың басымдықтарын ескере отырып, айқындайды.

Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және 2024 жылдың 1 наурызынан маусым айының соңына дейін жалғасады.

Резервте болу мерзімі – 2 жыл. Осы кезеңде резервшілер сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына

заңнамада тағайындалуы мүмкін.

Сайтта қалай тіркелуге болады?

Іріктеуге қатысу үшін 1 наурыздан 31 наурызына дейін onir.pkrezerv.gov.kz онлайн-платформасында жеке деректерді көрсету арқылы тіркелу қажет. Құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде ұсынған кандидаттар да онлайн-платформада тіркеліп, құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірмей құжаттарды жүктейді.

«Жеке деректер» бөлімінде дұрыс байланыс деректерін көрсетумен қатар, үміткерлер кадр резервінің өңірін және салалық бағытты таңдауы қажет. Екі және одан да көп өңірлік резервті немесе салалық бағыттарды таңдауға, сондай-ақ өңірлік резервті немесе салалық бағытты қайта таңдауға жол берілмейді.

Сәтті тіркелу үшін іріктеуге қатысушыларға белгіленген талаптарды сақтау, ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер қабылдау қажет. Барлық қажетті файлдар жүктелуі керек.

Жобаға қатысу үшін қандай құжаттар қажет?

Өңірлік резервке іріктеуге қатысқысы келетін азаматтар келесі құжаттарды қосып өтініш беру керек:

- Қазақстан Республикасы жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі;

- білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;

- соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

Өңірлік резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:

1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау (1 наурыздан 31 наурызға дейін);

2) заңнаманы білуге (5 сәуірден 9 сәуірге дейін) тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау (13 сәуірден 14 сәуірге дейін);

3)құзыреттерді бағалау (22 сәуірден 7 маусымға дейін);

4)өңірлік комиссиядағы құрылымдық сұхбат (13 маусымнан 15 маусымға дейін);

5)өңірлік комиссияның отырысында өңірлік резервке алуға ұсынылған кандидатураларды қарау (15 маусымнан

17 маусымға дейін).

Бірінші кезеңге қалай жазылуға болады?

Бірінші кезең «Заңнаманы білуге тестілеуге» жазылу тапсырылған өтінімнің қабылданғанын растайтын хабарламаны алған сәттен бастап 2024 жылдың 31 наурызы сағат 23:59-ға дейін қолжетімді болады.

Кері байланыс

Тіркелу кезінде туындаған сұрақтар бойынша үміткерлер onir.pkrezerv.gov.kz сайтындағы Jivo чаты арқылы тәулік бойы қолдау қызметіне, консультация алу үшін сағат 9:00-ден 18:30-ге дейін 7 7172 96-77-77 телефоны (ішкі нөмір - 3) және info@pkrezerv.gov.kz электрондық поштасына хабарласа алады.

Сондай-ақ onir.pkrezerv.gov.kz платформасының «Байланыс» бөлімінде Өңірлік кадр резерві бойынша өңірлердегі жауапты мамандардың байланыс деректері көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

ДЕПАРТАМЕНТПЕН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛУДА

Мемлекеттік қызметтерді көрсету – мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының құрамдас бөліктерінің бірі. Адам дүниеге келгеннен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тығыз байланыста болады.Туу туралы куәлікті алудан бастап азаматтың қайтыс болуы туралы анықтамасын беру мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болып табылады.

Бүгінгі таңда, қызмет алушылардың уақытын үнемдеу, әкімшілік кедергілерді, қағазбастылықты жою мақсатында электронды көрсетілетін қызметтердің үлесі артуда.

Қызылорда облысында мемлекеттік қызмет көрсетуші мекемелермен 395 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі. Олардың 177-сі жергілікті атқарушы органдармен көрсетілсе, 218-і аумақтық мемлекеттік органдарға тиесілі.

2023 жылы облыста қызмет беруші мекемелер тарапынан 6 млн-нан астам қызмет көрсетілген. Оның 5 млн 151 мыңға жуығы – жергілікті атқарушы органдармен, 871 мыңнан астамы – аумақтық мемлекеттік органдармен көрсетілген.

Электронды түрде – 5 млн 60 мыңға жуық қызмет, мемлекеттік корпорация арқылы – 41,9 мыңға жуық қызмет, ал мемлекеттік орган арқылы – 49 мыңнан астам қызмет көрсетілген.

Электронды түрде қызметтер алу үлесі 2022 жылы 97,8 пайызды құраса, 2023 жылы 98,2 пайызға жетіп, яғни, 0,4 пайызға артты.

2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңына сәйкес кез-келген тұлға нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға және көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

Мемлекеттік қызметтерді көрсететін органдар қызметінің сапасын арттыруға басты назар аударып, қызметтерді көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуы басты қағида болуы тиіс. Дегенмен, кейбір мемлекеттік мекемелер тарапынан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманың бұзылуына жол беретіндігі жасырын емес.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің қарауына 57 шағым түскен. Оның 19-ы бойынша

департамент тарапынан жоспардан тыс тексеру тағайындалып қаралды, 22 - құзыреттілігі бойынша жолданды, 16 - шағым иесінің өтінішхаты негізінде тоқтатылды.

Шағымдар бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, нәтижесінде 3 азаматтың уәжі өз дәлелін тауып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Шағымдардың басым бөлігі Қызылорда қаласы аумағында орналасқан жер учаскелерінің табысталуы және әлеуметтік қамсыздандыру саласына қатысты болып отыр.

Мәселен, өткен жылдың 31 мамырында Департаментке Қызылорда қаласының тұрғынынан «Елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша шағымы келіп түсті.

Аталған шағым бойынша Департамент тарапынан Қызылорда қаласы әкімі аппаратына, Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөліміне, Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміне жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі келісуші органдарға қызмет алушының құжаттарын 111 күнге кешіктіріп жолдап, мемлекеттік қызметті көрсету тәртібінің бұзылғандығы анықталса, қалалық жер қатынастары бөлімі тиісті шешім жобасын қала әкімі аппаратына жолдамағаны белгілі болды. Яғни, қызмет көрсетуші мемлекеттік органдар «Елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімін сақтамай, қызмет алушының құқықтарын бұзған.

Аталған факті бойынша қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің жауапты маманына тәртіптік жаза қолданылса, қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің лауазымды тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды және қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысына әкімшілік хаттама толтырылды.

Тексеру нәтижесімен, Департамент тарапынан енгізілген ұсыным негізінде қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Осыған дейін айтылғандай, 2022 жылғы шілде айынан бастап, заңмен азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерде бұзушылықтардың алдын алу функциясы Агентікке берілді.

Осы кезеңнен бастап, Депар-

тамент тарапынан мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қашықтықтан мониторинг жұмыстары жүргізіледі, яғни қызмет алушының шағымынсыз бұзушылықтарға жол берілмеуі бақылауда болады.

Жыл қорытындысымен қашықтықтан бақылау тәртібімен Департаментпен 132 бұзушылық анықталды. Оның 39-ы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу бойынша. Осы ретте, мемлекеттік органдардың басшыларына 21 әкімшілік хаттама толтырылып, бюджет кірісіне 724 500 теңге айыппұл өндірілді. Бұл бағытта да қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қашықтықтан қалпына келтіру фактілері де бар.

Мысалы, қашықтықтан мониторинг жүргізу барысында Жалағаш ауданы, Бұқарбай ауылдық округінде қызмет алушы «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге» өтініш берген. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі Қағидаға сәйкес 13 жұмыс күнін құрайды, алайда жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы қаулы белгіленген мерзімде ұсынылмаған.

Департамент тарапынан шұғыл түрде Жалағаш ауданының әкімдігіне бұзушылықты жою туралы хат жолданып, қызмет алушы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгеру туралы қаулысын алды.

Осы ретте, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы қаулыны 5 жұмыс күніне кешіктіріп ұсынганы үшін, ауылдық округ әкіміне әкімшілік хаттама толтырылды және ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманына «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

Жалпы, есепті кезеңде қашықтықтан мониторингпен 6 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі мерзімінде көрсету және оларды көрсету нәтижесімен қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы – мемлекеттік аппараттың тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып қала бермек. Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуы алдағы уақытта да Департаменттің жіті бақылауында болады.

З.АРЫНОВА,

ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН ТӨЛЕНЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін ең төменгі бір жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын табыстың 3,5% мөлшерінде төленетін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады.

2024 жылдан бастап ең төменгі жалақының 85 мың теңгеге дейін артқанын ескере отырып, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдардың ең төменгі мөлшері айына 2975 теңгені (3.5% 85 000 теңге), ал ең жоғары мөлшері -20 825 теңгені (3.5%*7*85 000 теңге) құрайтын болды.

Әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық, дұрыс түсуі әлеуметтік тәуекелдердің 5 түрі бойынша:

*еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша асыраушысынан айырылған жағдайда:

*жұмысынан айырылу жағдайы бойынша:

*жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуына байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша;

*бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша мөлшеріне тікелей әсер етеді .

Республикалық бюджеттен берілетін базалық жәрдемақыларға (мүгедектігіне байланысты мемлекеттің әлеуметтік жәрдемақысы және асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы) қосымша еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем медициналық әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген кезеңге тағайындалады, тағайындаудың, максималды мерзімі алушының, зейнеткерлік жасқа жетуі, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем асыраушының асырауындағылардың 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқығанда 23 жасқа дейін тағайындалады.

Жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылармен бірге қордың ұзақ мерзімді төлемдері де арттырылады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбекке қабілеттілігінен айырылуы және асыраушысынан айырылуы жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдер 7%-ға арттырылды.

Т.КҰЛМҰРАТОВ,

«Азаматтарға арналған үкімет МК» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша Қазалы аудандық бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛІМӘБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет бабас етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.